

ХАТТАМА № 1

Қатысқандар: Алдын алу кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде:

- 1.2022-2023 оқу жылындағы алдын алу кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебі.
- 2.Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау,бекіту.

3.Ұйымдастырушылық мәселелері

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Абильдинова сөз алды. Ол 2022-2023 оқу жылында кеңестің атқарған жұмыстарына тоқталды.

Оқушылардың құқықтық білімдерін тексеру мақсатында тест, сауалнама «Адам құқықтары мен бостандықтары», «Ғасыр індеті» құқық сабақтарымен қатар, «Бала құқығы» заңды талдау жүргізілілді.

Құқық тәрбиесі, қылмысқа қарсы күрес, құқық қорғау, зиянды заттар, маскүнемдік және алкогольизмге қарсы күрес жөніндегі тақырыптарға байланысты ашық сағаттар, сайыс, кештердің көбірек болуына көңіл аудару керектігін айтты.

1. Г.Т.Жаниева – құқықтық кеңестің төрағасы, мектеп директоры

2. Ж.А.Абильдинова–төраға орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

3. А.Макашева - кеңес хатшысы

Кеңес мүшелері :

А.Т.Толегенова- мектеп психологі

Нурбек А.- АӘД мұғалімі

М.Б.Айтқулова-ата-ана

Амирхан М. - I сынып оқушысы

Қылмысқа қарсы күрес жөнінде кәмелетке толмаған балалардың құқығы жөнінде құқық қорғау органдарымен кездесу ұйымдастыру қатаң қолға алыну керектігіне тоқталды.

Тәртібінде ауытқуы бар қиын оқушылардың жанұясын зерттеу мектеп психологы мен сынып жетекшілеріне жүктелетіндігін, жат, келеңсіз жағдайлар кездескен жағдайды болдырмаудың жолын қарастыру мақсатында ішкі істер бөлімімен үнемі байланыста болу керектігіне тоқталды.

Шешім:

- 1.Өткен оқу жылындағы кеңес жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.Құқық кеңесінің жоспары бекітілсін.
- 3.Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түрлі жұмыстар өткізіліп,оқушыларды сыныптан тыс шараларға тарту қолға алынсын.

Мектеп директоры:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Хатшы:

Г.Т.Жаниева

Ж.А.Абильдинова

А.Макашева

ХАТТАМА №2

Қатысқандар: кеңес мүшелері

Күн тәртібінде :

1. Аудандық кәмелеттік жасқа толмаған істер жөніндегі бөліммен бірлескене жұмыстың жоспарын талқылау
2. Ауыл учаскелік инспекторымен кездесу

Күн тәртібіндегі

.1-мәселе бойынша бойынша Сынып жетекшісі мәлімдемелері бойынша, қиын жағдай туғызатын балалар жоқ, кезекші мұғалімдер мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тарапынан ескерту түскен жоқ. Оқушылар сабақты себепсіз жібермейді, кешікпейді.

2. Ауыл учаскелік инспекторымен тоқсанда бір рет кездесулер өтуде. Оқушылармен үнемі құқықбұзушылық туралы алдын алу жұмыстар жүргізілуде. Исаков А.Т. үнемі рейдтер ұйымдастырады. Мотоциклмен, мопедпен жүру туралы алдын алу жұмыстар жүргізеді. Ата аналармен тығыз байланыста

Шешім:

1. Оқушылардың сабаққа келуін бақылауда үнемі ұстау. Тәртібі, сабаққа қатысуы қадағалансын.
2. Мектеп, ата ана, ауыл учаскелік инспектор құқықбұзушылық бойынша алдын алу жұмыстары үнемі жүргізілсін.

Мектеп директоры:



Г.Т.Жаниева

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



Ж.А.Абильдинова

Хатшы:



А.Макашева